




13-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

САЯСИ ФИЛОСОФИЯҒА КІРІСПЕ

Милль «Еркіндік туралы» еңбегінен





Еркіндіктің шегі немесе биліктің шеңбері

Джонатан Вулф Милльдің еңбектерін талқылауды жалғастыра отырып тағы бір маңызды мәселелерге тоқталғанын жөн көреді. Ол демократия орныққан күнде де, көпшіліктің тираниясы мен әділетсіз заң қабылдау қаупінің үнемі орын алатыны туралы. Осыдан барып еркіндіктің шегі немесе биліктің шеңбері туралы мәселер туындайды. Енді осы мәселерге Джонатан Вулфтың терең толғауларына үңілейік.

Демократия орнықты, барлық шешімдерді енді сайлау машинасының әділ процесінің еншісіне қалдыруға болады дейк. Өкінішке орай, Демократия – бұл адамзат баласы ойлап тапқан ең жақсы жүйе болса да, барлық аурулардан құтқаратын шипа емес. Демократияның болуы әділетсіздікті жояды деп ойлау аңғалдық. «Халық» заңдарды қабылдау факті, көпшіліктің азшылыққа қатысты қанайтын немесе әділетсіз заңдарды қабылдау мүмкіндігін жоққа шығармайды. Қалай да болсын, азшылық қорғалуы тиіс.

Милльдің бұл тығырықтан шығу тәсілі таңқаларлық болып көрінуі мүмкін. Өкілетті демократияның қасиеттерін негіздей отырып, Милльдің келесі тұжырымы оның Билікті қатаң шектеу болып табылады. Оның «Өкілетті Үкімет» туралы еңбегінен ертерек шыққан «Еркіндік туралы» еңбегі индивидтің үстінен қоғамның заңды түрде жүргізетін билігінің «табиғаты мен шектеулері» мәселелеріне арналған. (Еркіндік туралы, 88) Милльдің пікірінше, индивидке айтарлықтай өкілеттілік тиіс болуы қажет. Мемлекеттің араласуына қойылатын шектеулер, сондай-ақ, сенім мен мінез-құлықты қалыптастыру тәсілі ретінде, қоғамдық пікірді тиісінше пайдаланудың да шектеулері бар.

Мемлекеттің қолында қаншалықты билік болуы қажет? Біз бұл мәселеге қатысты бірқатар пікірлердің бар екенін көрдік. Шектен тыс пікірлердің бірі - анархистердің ойынша, жалпы мемлекеттің билігіне негіздеме жоқ. Бұл, жеке бас бостандығына шек қоятын қолайлы шешім жоқ немесе кем дегенде, мемлекет орната алатын шегі жоқ деген пікірге сай келетін сияқты. Екінші жағынан, Гоббс сияқты абсолютті билікті жақтаушылардың пікірінше, мемлекеттің өз бодандарының еркіндігіне көңіл аударуға міндетті емес деп тұжырымдайды. Ол өзінің қалауы бойынша кез келген ережелер мен шектеулерді орната алады.

Бұл екі полюстердің арасында көптеген мүмкіндіктер де бар. Милль анархияны да, абсолютизмді де қолдамай, осылар арасында өзінің ұстанымын анықтауды мақсат тұтты. Неліктен, еркіндіктің абсолютті жақтаушысы бола тұрып, Милль, көптеген адамдардың пікірінше, жеке бас еркіндігінің ең жоғарғы деңгейдегі түрі - анархизмді теріске шығарды. Біз көргеніміздей, Милль егер адамдарға толық еркіндік берсе, онда, кейбір адамдар, мемлекеттік бақылаудың жоқтығын пайдаланып, бұл еркіндікті кері бағытта пайдаланады деген пікірді ұстанады. Сондықтан, ол былай деп жазады: «Кез келген адамның өмірінің құнды болуы басқа адамдардың іс-әрекетіне шектеу қоюды қамтамасыз етуге байланысты». (Еркіндік туралы, 91). Анархия бұл заңсыз өмір сүру, ал Милльдің пікіріне сай, олай болса өмір сүрудің құны қашады. Милль тирания, сондықтан тиімді шешім бола алмайды деп ойлайды, және ол еркіндік пен биліктің дұрыс үйлесімділігін анықтауды мақсат қояды.

Мемлекет қандай негізде, адамдарға өздерінің қалауынша немесе еркіне қарсы әрекет етуге тыйым салуға араласа алады? Милльдің ДЖОН СТЮАРТ МИЛЛЬ (1806–1873 жж.) бақылауынша, әртүрлі қоғамдар бұл мәселені әртүрлі шешкен. Мысалы, кейбіреулері белгілі бір діндердің іс-әрекеттеріне (тәжірибесін) тосқауыл қойған, немесе мүлде басып тастаған. Басқалары баспасөз бен басқа да бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты цензура енгізді. Олардың көбісі белгілі жыныстық қатынастар бағытын заңсыз деп жариялады. Ерлер арасындағы жыныстық қатынастар әлемнің көптеген бөліктерінде 1960 жылдарға дейін заңсыз болып келді және қазір де бірқатар жерлерде осы жағдай сақталып келеді, көптеген мемлекеттерде жезөкшелікпен айналысу заңға қарсы болмағанымен де, жалпы жезөкшелерге өздерінің клиенттеріне өздері қызметтерін ұсыну тыйым салынады. Бұлардың барлығы мемлекеттік билікті жүзеге асыру арқылы орындалатын халықтың еркіндігін шектеу. Алайда, мемлекет қандай да бір осындай жолдар арқылы адамдардың өмірі мен еркіндіктеріне қол сұғуына құқығы бар ма?

Зиян келтіру принципі

Милль мәселені өзінің ең зұлым жауы - еркін әдет-ғұрыптар мен ұлттық моральге қалдырмай, әрбір жағдайды өзінің нақты қасиеттеріне байланысты шешуге мүмкіндік беретін принципті немесе принциптер жиынтығын іздейді. Оның жауабы радикалды, сонымен қатар қарапайым. Милльдің Еркіндік Принципі «Адам басқа бір адамның еркіндігін, сол адам басқа біреуге қауіп төндіріп тұрған жағдайда ғана шектей алады» - деп жариялайды. Қазіргі таңда бұл принцип (зиян келтіру принципі ретінде танымал) айқын көрінуі мүмкін. Алайда, бұл тарихты өн бойында анық бола бермеді. Ғасырлар бойы адамдар дұрыс емес Құдайға табынғандары немесе оған мүлдем табынбағандары үшін қудаланды. Алайда, олар өздерінің



моралды емес жандарынан басқа кімге немесе неге зиян келтірді? Милльдің пікірі бізге тіпті қазір де анық емес. Мысалы, досыңыз есірткіге тәуелді жағдайға түсті делік. Сіз оның басқаларға зиян келтірмеу себебі үшін ғана оған күшпен араласа аласыз ба? (Сіз оған күштеп кедергі келтіре аласыз ба?) Бұл мысал Милльдің принципін түсіндіру және қолдану тұрғысынан маңызды мәселелерді көтереді. Бір де бір өткен, не қазіргі қоғам ешқашан қатаң түсінілетін қағидат бойынша өмір сүрмеген анық. Шынымен де, біз өзіміз одан ары көретініміздей, Милльдің өзі оның дәстүрден тыс салдарынан бас тартады.

Алайда, одан әрі ілгерілемей тұрып, Милльдің Еркіндік Қағидаты жөніндегі тұжырымында бір элементке оралу маңызды. Ол бұл мәселе «өркениетті қауымдастықтың кез келген мүшесіне» қатысты деп айтады. Демек, ол өркениетсіз (мәдениетсіз) адамдардың еркіндігіне шектеу қоятын ниеті бар ма? Шын мәнінде, оның сондай ойы бар. Ол бұл принцип тек «өздерінің қабілеттері дамыған» адамдарға ғана қатысты екенін ашық жариялайды (Еркіндік туралы, 95) Балалар мен»варварлар (жабайылар)» бұдан алынып тасталады, себебі «прицип ретінде Еркіндік, адамзат еркін және тең талқылау арқылы дамыған кезеңге дейінгі бұрын соңды ешқандай жағдай қолданылмаған» (Еркіндік туралы, 95)

Милль еркіндік белгілі бір жағдайларда ғана құнды деп санайды. Егер бұл шарттар орындалмаса, онда еркіндік үлкен зиян келтіруі мүмкін. Балалар оқу керек пе жоқ па деген мәселені өздері шешпеуі керек және Милль кейбір адамдар «артта қалған (не қараңғы)» деген викториандық көзқарасты ұстанған, сондықтан осындай адамдарға балаларға сияқты қарау керек деп есептеді. Бұл аргументтегі маңызды нәрсе ол Милльдің «варварлар (жабайылар)» жөніндегі ойының дұрыс не бұрыс болуында емес, бірақ оның осы Еркіндік принципінің қолдануына қатысты қойған шарттары маңызды. Еркіндік адамгершілік прогресті жетілдіру құралы ретінде құнды. Белгілі бір жағдайларда еркіндік кері нәтижелерге алып келуі мүмкін, сондықтан прогреске жетудің жолдары басқа болуы тиіс. Бірақ Милль қоғам кемелдікке жеткенде, яғни адамдар тиісті білімді және өркениетті деңгейге жеткенде мемлекеттің жеке іс-қимылға араласуы еркіндік қағидаттарымен реттелуі тиіс екендігіне сенімді.

Ой мен пікір алмасудың еркіндігі

Милльдің ең ізгі сенімінің бірі - ой мен пікір алмасудың толық еркіндігін болуы.

Милль ойынша, пікірдің сәтсіздігі немесе танымал болмауы, оны мүлде айтпау керек дегенді білдірмейді. Шын мәнінде, Милль біздің жағымсыз көзқарастарды құптауымызға да барлық негіз бар деп есептейді. Оларды басып, жаншып тастау «адамзат нәсілін тонауды» білдірер еді дейді. Егер бір даулы мәселе мейлі рас, не жалған болсын, не болмаса аралас екеніне қарамастан, олардың даусын естімесек, біз ешқашан шындыққа жетпейміз деп ойлайды. Сол себептен, қандай мәселенің шындығы қаралып отырғанына қарамастан басып тастау бізге ешнәрсе бермейді.

Жалған көзқарасты басу шынымен де зиян ба? Біз, бірінші кезекте, оның жалған екендігіне сенімді болуымыз керек.

Тіпті әлеуетті Цензор жалпы қабылданған пікірдің ақиқаттығына сенімділігін білдіріп тұрса да, Милль айтып өткендей біздің сол пікірге қатысты сенімділігіміз бен шынайы пікірдің арасында үлкен бос кеңістік бар. Бұны мойындамау - қателік жіберуді мойындамау, тарих бұл болжамның қаншалықты қате екенін жеткілікті дәлелдер келтіреді. Бір кездері күмәнсіз деп саналған көптеген сенімдерді, келесі ұрпақ тек жалған ғана емес, ақылға қонымсыз деп санаған. Мәселен, бір кездері кеңінен таралған - жер тегіс деген сенімді ойлаңыз.

Милль бізге одан да қайғылы, Сократ пен Исустың жағдайларын еске салады, оның біріншісі дінсіздік пен адамгершілігі жоқ деген айыппен өлім жазасына бұйырылса, екіншісі Құдайға тіл тигізгені үшін жазаланды. Екі жағдайда да адал қызмет еткен әділ судьялар төрелік етті. Алайда, екеуі де қателеспейтіндік туралы тұжырым қалыптасқан, дәстүрлерге қайшы келетін көзқарастарды насихаттауға тыйым салатын заңы бар қоғамдарда қаза болды.

Бұл жағдай (не мысал) адамзат баласының үлкен қателіктерге бейім екендігін көрсетеді. Милль, біз ешқашан қателеспейміз деп айтуға құқығымыз жоқ деп айтады.

Милльдің көзқарасын тағы бір мысал көрсетіп, кеңейтіп бере алатын Джонатан Вулф Британика энциклопедиясынан үзінді келтіреді.

«Ежелгі дүние қазынасының бірі Ежелгі Александрия кітапханасы, сол уақытында 700 000 астам том болатын, дейді Вулф. Алайда, біздің заманымыздың 640 жылы Александрияны Әмірдің басшылығымен арабтар басып алды, және кейінгі жазушы Абульфарагияның, (өте сенімсіз дерек) әңгімесіне сай кітапхананың жағдайы келесідей болды:



Иоанн Грамматик, атақты философ-Перипатетик, Александрияны басып алу кезінде сол жерде тұрып, Әмірдің үлкен ықыласына ие болды және ол Әмірден оған патшалық кітапхананы беруді өтінді. Әмір бұл мәселені оның билігінде емес екендігін айтып, бірақ халифке жазып, оның келісімін сұрайтындығына сөз берді. Омар, өз көшбасшысының бұл өтінішін естігеннен соң: «Егер бұл кітаптарда Құран сияқты ілім болса, онда олардың еш пайдасы жоқ, өйткені Құран барлық қажетті ақиқатты қамти алған; ал егер оларда осы кітапқа қайшы келетін нәрсе болса, онда олардың барлығы жойылуы тиіс деп жауап берген екен; сондықтан олардың мазмұны қандай болса да, ол кітаптарды өртеуге бұйрық берген. Осы бұйрыққа сай, олар қаладағы көптеген қоғамдық моншаларға үлестіріліп берілген және олар алты ай бойы от жағу үшін пайдаланған. (Британника энциклопедиясынан үзінде, II ші басылым, 1910-11, 570)

Милльдің аргументі Білім бақытқа алып келеді, дегенді білдіретін сияқты, алайда, біз неліктен оған сенуіміз керек?

Кейбір кездері қоғамға да жалған сенімде немесе надандықта өмір сүру пайдалы. Мүмкін ақиқатты көтеру тым ауыр немесе қоғамның бірлігі үзілуі мүмкін. Бұл Құдайға және о дүниедегі өмірге қатысты да жиі айтылады. Мәселе, адамдардың Құдайға немесе о дүниеге сену не сенбеуі қажеттігінде емес, олар шын мәнінде болуы немесе болмауы да мүмкін, мәселе, егер қоғам оларды кеңінен ұстанбаса, онда ол өзімшілдік (эгоизм) пен араздыққа (адамгершіліктің болмайтын) жағдайға ұрынуы мүмкін. Сондықтан біз атеизмнің таралуына жол бермеуіміз керек, егер ол таралатын болса, онда қоғам ыдыраушылыққа ұшырайды. Біз бұл аргументті қабылдаймыз ба әлде жоқ па, адамзат баласы кейбір ғылыми жаңалықтар ашылмаған жағдайда әлдеқайда жақсырақ өмір сүретін еді деген қорытындыға келу үшін аса көп ақылдың қажеті жоқ: мысалы, Хиросима мен Нагасаки қалаларын күл талқан еткен атомдық бомбаның дамуына алып келгені бәрімізге мәлім.

Сондықтан, кей кездері біз ой еркіндігіне шектеу қоюымыз керек пе? Ақиқатқа емес қоғамның пайдасына негізделген пікірге сүйенуіміз керек пе? Осы тұрғыдан қарағанда, біздің ақиқатты басып тастауға толық негізіміз бар. Ой бостандығына қарсы бұл дәлел өте күшті көрінеді, бірақ Милльдің жауабы да солай. Қоғамдық бейбітшілікке жойқын тиетін теориялар емес қоғамдық тыныштыққа негіз болатын көзқарас - пікір қажет.

Бірақ неге біз Құдайға деген сенімсіздік қоғамның ыдырауына әкеледі дейміз? Немесе атомның құрылымын білу жақсы нәтижелерден гөрі жаман нәтижелерге алып келетінін қайдан білеміз? Біз бұл мәселеде де, басқа да мәселелердегі сияқты қателерге ұшыраймыз. Милль бұған былай деп қорытындылайды: Пікірдің пайдалылығының өзі пікірдің сұрағы болып табылады: ол пікірдің өзі сияқты даулы, талқылауды талап ететін және талқылау үшін ашық болып келеді. Пікірдің зиян екенін шешу және оның жалған екенін шешу үшін қателеспейтін судьяға деген қажеттілік бар. (Еркіндік туралы, 104)

Шын мәнінде, Милль бізге, римдіктердің христиан дінін қоғамды сақтауға зиянын тигізеді деген оймен басып -жаншығанын есімізге салады.

Дегенмен, Милль айтқандай жағдай әлі де анық емес. Егер біз ақиқатқа сену бақытқа алып келеді ме әлде зиян келтіреді ме деген сұраққа нақты жауап бере алмасак, онда біздің осы аргументтің негізінде ой еркіндігіне жол беруден гөрі оны шектеуге еш негізіміз болмайды. Милль, кем дегенде, Шындыққа деген сенім – бақытқа алып баратын жол. деп болжайды.

Егер, солай болса, онда жалған пікірді басып-жаншудың қандай зияны бар? Шын мәнінде, Милльдің пікірінше, тіпті біз оның жалған пікір екенін біліп тұрсақ та, оған қарсы маңызды себептер бар. «Егер біз пікірімізге қатысты сын-қатерлерді қарастырмасак, және оны еш қорқынышсыз талқыға салмасак, онда ол қанша жерден ақиқат болса да, ол тірі шындық емес, өлі догма болып саналады» (Еркіндік туралы, 114).

Милль айтып өткендей, «егер біз маңайда жауды көрмесек, онда біз өз күзетімізде ұйқыға кетеміз» (Еркіндік туралы, 120). Бұл жердегі қауіптердің бірі - егер пікірді үнемі сынамай және қорғамайтын болса онда ол өзінің шынайы мағынасын жоғалтады және «мінез-құлық пен іс-әрекетке әсер ететін өмірлік ықпалынан айрылады. Алайда, одан да үлкен қауіп, ол жалған көзқарас өзіне лайық емес танымалдылыққа ие болуы мүмкін, кей жағдайларда ол тіпті теріс нәтижелерге де алып келуі мүмкін.

Бұл, кейбір деректер бойынша Америка Құрама Штаттарындағы эволюция теориясына қатысты болды. Дарвинизм іліміне сенгендер, теорияның бірқатар кемшіліктері бар екендігін түсінгенімен, ақылға қонымды, ғылымға негізделген кез келген адамның белгілі бір формадағы эволюциялық теорияның ақиқатын кеңірек қабылдай алмайтындығына шыншап қарай алмады.

Сондықтан да, жақсы ұйымдасқан діни фундаменталистер мақсатты түрде өздерінің ойлап шығарған, Ескі Әсиетке негізделген дарвинизм іліміне қарсы шындыққа эволюциялық ілімін жақтаушылар сын-қатерге төтеп беруге дайын болмай шықты. Осылайша, креационистер өздерінің теориясының ғылыми



құндылықтарымен өлшенбейтін басқа жолды қалыптастырды. Бірқатар оңтүстік штаттарда басым көпшілікті құрайтын американдықтар мектептерде эволюциялық теория оқытылмауы тиіс деп санады.

Осы уақытқа дейін екі жағдай қарастырылды: яғни, жаңа пікір қай жерде шынайы және қай жерде жалған болып келеді. Әрбір жағдайда, пікір білдіру зиян емес, игілік алып келеді. Мәселе әлі де анығырақ болатын үшінші жағдай да бар, яғни оған сәйкес, ақиқат жартылай күйде екі жақта да кездеседі. Бұл ең көп таралған жағдай. Ақиқатқа жетудің бірден бір жолы ол – мәселенің барлық қырларын толық және ашық талқылау. Осылайша, Милльдің қорытындылауы бойынша, адамзаттың ортодокстық пікірлеріне қарсылық білдіруден тек ұтады және цензураға ешқашан орын болмайды.

Басқаларға зиян келтіру

Цензураға ешқашан негіз болмаса да, Милльдің пікірінше, пікір білдіру еркіндігін шектеу үшін бірқатар жағдайлар бар екендігін мойындайды. Мысал ретінде ол мынаны келтіреді:

Астық саудагерлері кедей адамдар, немесе жеке меншік - ол тонаушылық деген пікір баспасөзде кедергісіз таратылуы тиіс, бірақ, сонымен бірге, егер бұл пікір астық саудагері үйінің алдында жиналған наразы топқа ауызша айтылатын болса немесе егер ол плакат түрінде сол топ арасында таратылатын болса, онда оны жазалау әділетті болуы тиіс. (Еркіндік туралы, 131)

Бұл жағдайда ой еркіндігі Милльдің айтуынша, басқаларға зиян келтіретіні сөзсіз, оны Үкімет өзінің қызметтерінің аясында тиісті түрде реттей алады.

Бұған дейін біз Милльге сәйкес, ересектердің еркіндігін оның тек басқаларға зиян келтіру немесе зиян тигізу қаупін болдырмау үшін ғана шектеуге болатынын атап өткенбіз. Ауыр жағдайларда біз заң күшін толық негізде пайдалана аламыз, ал басқа жағдайларда әлеуметтік қысым барынша қолайлы тежегіш фактор болып табылады. Алайда, Милльдің «зиян» деген сөз нені білдіреді? Мәселен бір топ жаңа дінді ойлап тауып, соған жеке дара табынғылары келеді деген жағдайды қарастырайық. Милльдің пікірінше, егер бұл топ басқаларды өздерінің жамағаттарына мүше болуға мәжбүрлемесе, онда қоғамның қалған бөлігінің бұлармен ісі болмайды. Неге олай? Себебі, мұндай мінез-құлық ешкімге зиян келтірмейді. Әрине, дәл сол жерде, бұрынғырақ қалыптасқан діннің бір фанатигі олар маған зиян келтіріп тұр деп қарсылық айтуы мүмкін. Біріншіден, олардың пұтқа табынушылық әрекеттері маған ауыр тиеді және қорлайды. Екіншіден, олар маған бүкіл әлемді өз дініме енгізу үшін менің жоспарларыма кедергі келтіреді. Олардың еш зиян тигізбейді деген шындық емес.

Бұл қарсылықты басқаша тұжырымдауға болады. Біз әрекеттерді екі топқа бөле аламыз: Таза өзімшіл (өзіне қатысты не бағытталған) әрекеттер және басқаларға қатысты әрекеттер. Басқаға қатысты іс - әрекеттер кем дегенде бір адамды тартады. Таза өзіне бағытталған әрекеттер тек бір ғана объектіге қатысты, ал немесе басқаларды тартатын болса, ол тек қана олардың еркін келісімімен ғана жүруі тиіс. Милльдің Еркіндік Принципі, осылайша, келесі қорытынды шығарады: біз басқаларға қатысты іс-әрекеттерді реттей және бақылай аламыз, алайда біздің адамдардың өзіне қатысты іс-әрекеттеріне араласуға құқығымыз жоқ. Әзірге бәрі жақсы. Алайда, енді Милльдің сыншысы осы қорғалған салаға кіру үшін (не жату) таза эгоистік әрекетке мысал келтіруін сұрайды. Және де біз, қаншалықты мысал келтірсек те, сыншы үшінші тарапқа ықпал ететін жағдайды табады.

Егер біз Еркіндік принципі дәл осы тұрғыдан эгоистік әрекет ретінде жеке тұлғаға берілген еркіндік ретінде қарастырсақ, онда ол айтарлықтай қолданусыз қалады.

Милль адамдардың өзін осы тұрғыдан түсінгенін қаламады. Ол еркіндік саласы қоғамның «қалаулары мен жақтырмайтындар» саласына қалдырамау керек деп шешімді түрде кесіп айтты.

Сондықтан, ол қоғамды және оның мүшелері жақтырмайтын немесе оларда теріс әсер тудыратын, немесе қорлайтын іс-әрекеттер мен зиян келтіретін әрекеттерді ажыратуы тиіс. Қарапайым реніш немесе жақтырмау бұл, Милльдің пікірінше, зиян келтірмейді. Сонда, Милльдің пікірінше, зиян келтіру деген нені білдіреді?

Милль Еркіндік туралы тұжырымдарында «мүдделер» деген терминді жиі қолданады. Мәселен, ол «жеке адамның сезікті әрекеті тек басқа адамдардың мүдделеріне қатысты жағдайда ғана сыртқы бақылауға бағынышты» болатындығын мойындайды (Еркіндік туралы, 95-6). Сол себептен, зиян тигізу кей кездері «басқалардың мүдделеріне зиян тигізу» деп түсіндіріледі. Осындай тұрғыдан түсіндірілетін Еркіндік принципінің мәні «біреудің мүдделеріне зиян тигізбесеңіз, қалауыңыз бойынша әрекет етіңіз».

Бұл бізге біршама көмектесуі мүмкін, алайда, өкінішке орай, осы мағынада ешкім «мүдделерге» жеткілікті түрде анықтама бере алмайды. Бұл термин көп жағдайда қаржылық мүдделермен тығыз



Кітап: Саяси философияға кіріспе
Дәріс: Милль «Еркіндік туралы» еңбегінен
Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

байланыста қолданылады. Егер де кімде кімнің белгілі бір жобада қаржылық мүддесі болса, онда ол сол әрекеттің (кәсіпорынның) сәттілігіне байланысты олар табысқа кенелуі немесе ақшаларын жоғалтуы мүмкін. Алайда, Милль адамдардың қаржылық әл-ауқаты жөнінде аса көп ойланған жоқ және біз жеке тұлғалардың кем дегенде, олардың өз жеке басының қауіпсіздігіне мүдделі екендігін айтуымыз керек. Осылайша, кісі өлтіру, шабуыл жасау, зорлау, ұрлық және алаяқтық шабуылға немесе алдауға ұшыраған адамның мүдделеріне нұқсан келтіретін іс-әрекеттер болып саналады. Осылайша, Еркіндік принципі осындай әрекеттердің алдын алу мақсатында жекелеген адамдардың іс-қимылының еркіндігін шектеуге мүмкіндік берер еді.

Алайда, біз бұл жерде абай болуымыз тиіс. Милль, қоғамның белгілі бір адамдарының басқа адамдардың мүдделеріне зиян келтіретін әрбір іс - әрекетінде біреудің еркіндігін шектеуге құқығы бар деп айтып тұрған жоқ.

Милль адамның таңдауына кедергі жасау берілмейтіні және осы негізде араласуға құқық бермейді. Шын мәнінде, Милльдің осыған әлдеқайда көп мысал келтіреді: «Бәсекелесі жоғары кәсіпте немесе конкурстық емтиханда табысқа жеткен адам; екеуі де бір нәрсені қалаған жарыста таңдаулы болған адам басқалардың жеңілісінен, олардың текке кеткен әрекеттері мен көңілдерінің қалғандарынан ұтады» (Еркіндік туралы, 163). Милльдің пікірінше, бәсекелестің бұл түрлерінің ешқайсысы жеңілгендердің мүдделеріне айтарлықтай залал тигізгеніне қарамастан, олар Еркіндік принципін терістемейді. Біз әлі де еркіндік қағидатының мәніне жетпегеніміз анық. Милльдің көзқарасы бойынша, біреулердің мүдделеріне залал тигізу шектеу қоюға негіз (жеткілікті шарт) бола алмайды. Шын мәнінде, кейінірек біз Милльдің бұны қажетті шарт деп санауға күмәндануының себебін көреміз. Одан әрі ілгерілеу мақсатында біз өзіміздің көзқарасымызды кеңейтуіміз керек.